

"Қазақстан Республикасының Үкіметі резервтік қорының қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 620 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 18 желтоқсан N 1300. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.18. N 1408 қаулысымен. ~P991408

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервтік қорының қаражатын пайдалану тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 620 P970620_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 16, 139-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

Осы қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік

қорының қаражатын пайдаланудың тәртібінде:

2-тармақтың бірінші абзацы "тосын жағдайларды" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен белгіленетін өзге де ерекше жағдайларды" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Орынбекова Д.К.

Кобдалиева Н.М.